



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ

BULLETIN

LAW SERIES

4(72) 2014

ISSN 1563-0366
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Law series

№4(72)

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

Редакция алқасы:

Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., проф. – ғылыми редактор, тел.: 8-727-377-33-36 (ішкі нөмірі 12-44)
Кенжалиев З.Ж., з.ғ.д., проф. – ғылыми редактордың орынбасары, тел.: 8-727-377-33-36 (ішкі нөмірі 12-56)
Сартаев С.С., з.ғ.д., академик, Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., проф.,
Ибраева А.С., з.ғ.д., проф., Жансараева Р.Р., з.ғ.д., проф., Усеинова Г.Р., з.ғ.д., проф.,
Еркінбаева Л.К., з.ғ.д., проф., Жатқанбаева А.Е., з.ғ.д., Трунк А., проф. (Германия),
Монтекило С., проф. (БАӘ), Бурхард Б., проф. (Германия), Лисица В., проф. (Ресей),
Ережесқызы Р., аға оқытушы (жауапты хатшы) тел.: 8-727-377-33-36; 8-727-377-33-37 (ішкі нөмірі 12-57)

Ғылыми басылым

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

№4 (72)

Редакторлары: Г. Бекбердиева, А. Иманғалиева
Компьютерде беттеген: А. Алдашева

ИБ №7788

Басуға 10.11.2014 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8, Көлемі 34,1 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №2686. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

«Издательство «Эксмо»», 2008. - 448 б.
 «Издательство «Эксмо»», 2008. - 448 б.

Zholdauy «Kazakhstan-2050» strategiyasyn
 qobul etilgen kuzde: «http://www.bnews.kz/ru/vakuum»

stan, 1997. - 56-b.

«Издательство «Эксмо»», 2008. - 448 б.
 «Издательство «Эксмо»», 2008. - 448 б.

А.Ж. Жарболова*, А.Ж. Тусупова

Ш-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: zharbolova.aygerym@mail.ru

1990-1993 жылдарда

Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуы

Мақалада Қазақстанның конституциялық заңнамасының қалыптасуы мен дамуының үшінші кезеңі, яғни 1990-1993 жылдарда конституциялық заңнаманың дамуы қарастырылды. Тиісінше мақалада бұл кезеңде қабылданған конституциялық-құқықтық актілер сараланып, олардың мазмұны мен маңызына сипаттама берілді. Қорытындысында 1990-1993 жылдарда қабылданған конституциялық заңнаманың маңызы мен рөлі туралы жалпы түйін беріліп, олардың егемен, тәуелсіз Қазақстанның конституциялық заңнамасының құрылуы мен қалыптасуында негіз болғандығы баяндалды.

Түйін сөздер: конституция, конституциялық заңнама, мемлекеттік тәуелсіздік, мемлекеттік егемендік, мемлекеттік билік, басқару.

A.Zh. Zharbolova, A.Zh. Tusupova

The development of constitutional law in Kazakhstan the period 1990-1993

This article is devoted to the third stage of formation and development of the constitutional legislative of the Kazakhstan, which includes the period – 1990-1993 years. Accordingly, in the article considers the content of the constitutional and legal acts adopted in this period, and also consider their analyzes. In conclusion about the meaning and role of the constitutional legislative of the Kazakhstan adopted in this period, which became the basis for the formation and development of the constitutional legislative of the sovereign and independent of Republic of the Kazakhstan.

Key words: constitution, constitutional legislation, state sovereignty, the declaration, state power, legal control.

А.Ж. Жарболова, А.Ж. Тусупова

Развитие Конституционного законодательства Казахстана в 1990-1993 годы

В данной статье рассматривается третий этап становления и развития конституционного законодательства Казахстана, который включает период 1990-1993 гг. Соответственно, в статье рассматривается содержание конституционно-правовых актов, принятых в этот период, также дается анализ. В заключении сделан вывод о значении и роли конституционного законодательства Казахстана, принятого в этот период, который стал базой для формирования и развития конституционного законодательства суверенной, независимой Республики Казахстан.

Ключевые слова: конституция, конституционное законодательство, государственный суверенитет, декларация, государственная независимость, государственная власть, управления.

Жалпы Қазақстанның кеңестік заманға өткен кезеңі туралы және егемен алғаннан кейін конституциялық заңнамасының дамуын қарастыра отырып, 1990-1993 жылдарда Қазақстанның конституциялық заңнамасы-

ның дамуының үшінші кезеңін байқатады. Алдыңғы екі кезең туралы ҚазҰУ хабаршысының №1 санында (2014 ж.) жарияланған болатын.

Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының бұл кезеңі егемен Қазақстанның

өзіндік, дербес заңнамасын жасаудың басталуымен байланысты. 1990 жылдан бастап, Қазақ ССР тұсында 1978 жылғы ҚазССР Конституциясына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сол тұста қалыптасқан кеңестік заң шығару практикасына қарамастан бұл өзгеріс, толықтырулармен одақтық Конституцияның негізгі бастаулары мен қағидаларының шегінен шығуға жол берілді. 1978 жылғы ҚазССР Конституциясына енгізілген ол өзгерістер мен толықтырулардың бірқатары оның мазмұнын жақсартқанымен, сол тұста орын алған саяси және құқықтық қайшылықтарды жоймады. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялағанға дейін 1 жылдан астам уақыт бұрын КСРО Конституциясының негізгі нормаларының әрекетін тоқтатқан конституциялық актілер қабылданды, олар республиканың дербес, тәуелсіз дамуына негіз қалады.

24.04.1990 жылы «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң, 25.10.1990 жылы Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация және 10.12.1991 жылы «Қазақ ССР-ның атауын өзгерту туралы» заң қабылданғаннан кейін жаңа егемен мемлекет – Қазақстан Республикасының алғашқы заң актілері қабылданды – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заң, «ҚР Конституциялық Соты туралы» заң.

Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының бұл кезеңінде қабылданған актілердің ішінде «Қаз ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңның орны бөлек. Осы орайда, А.К. Котовтың келесі көзқарасына тоқталып кетуге болады: «Қазақстанның сол кезеңдегі екі негізгі конституциялық актісі – Декларация мен конституциялық заң Қазақстан қоғамында орын алып отырған түбегейлі өмірлік дағдыларды салыстырмалы түрде толыққанды және қажетті тұрғыда көрсетумен қоса бекітті де... Бұл өз кезегінде қазақтың байырғы жерінде тәуелсіз мемлекеттің экономикалық және саяси құрылысының әрі қарай дамуының параметрлеріне негіз қалаған Қазақстанда өзіндік конституциялық құрылыстың жаңа қоғамдық үрдістерін қалыптастыруға жол ашты» [1, 63-64 б.]. Расында да, бұл екі тарихи маңызды актіні қабылдау арқылы Республика өмірінде жаңа мемлекеттілікті

құруда, адам құқықтарын кең тұрғыда сапалы жағынан жаңа саяси және экономикалық жүйені қалыптастыруда алғашқы қадамдар салды. Бұл актілердің құрылымы мен мазмұны біздің еліміздің конституциялық дамуының алғашқы кезеңінде мемлекеттік және қоғамдық тынастарды реттеуге сай келді. Қазақ мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның негізгі мазмұнын Қазақ ССР-ның егемендігі туралы идея құрды. Декларация Қазақстанның ішіндегі үстемдігі мен шексіздігін, басшылық қетермен қатынаста тәуелсіздігі мен тәуелсіздігін бекіте отырып, оның тұрақтылықтық ұстанымын нығайтуға негіз жасады. Декларацияны қабылдай отырып Қазақстанның тәуелсіз даму жолын ұстанатындығын алдында дәлелдеп берді.

Егемендік туралы Декларация тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаған құжат болып есептеледі. Одан кейін қабылданған 1978 жылғы ҚазССР Конституциясының өзгерістер мен толықтырулар туралы заңының идеялары мен нормаларын жүзеге асыруға бағытталды. Тиісті Декларация ҚазССР Конституциясын өзгерткен заңдарды ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін бұзатын әлемге паш еткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңын, 1993 және 1995 жылдардағы Конституцияларын және басқа да заңнамалық актілерін қабылдауға негіз болды. Демек, Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізіне айналды. Оны ҚР Президентінің сөздерінен көруге болады: «...25 қаңтарда Қазақстан Республикасының егемендігі туралы декларацияны қабылдағанымыз естеріңізге сіздерге болар. Ел дербестігін айқындайтын осы заң арқылы біз барша қазақстандықтар болмыз мемлекетіміздің іргесін қалауға кірістік. Егемендік туралы сол декларацияның тұжырымы кейінірек Ата Заңымыздың қабылдануына негіз салды...» [2]. Декларация қабылданғаннан кейін жарық көрген тиісті актілердің бірі оның негізінде жас егеменді мемлекеттің негізгі базасы айтарлықтай жаңарып, оның негізінде түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылатынын куәландырады. Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда бекітілген идеялар мен қағидалар кеңейтіліп атақталған актілерде реттелді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы

ін кең тұрғыда бекітуде. Саяси және экономикалық алғашқы қадамдар жаңартылымы мен мазмұны конституциялық дамуының әлеуметтік және қоғамдық қайшылықтарды келді. Қазақ ССР-інің Конституциясы туралы Декларацияның (КСР-ның егемендігі туралы Декларация) Қазақстанның егемендігін, басқа мемлекеттермен тең құқықтық және өзара ықпалдауға негіз жасады. Тиісінше отырып Қазақстан өзінің ұстанатындығын әлем

Декларация тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған алғашқы қадам болды. Одан кейін қабылданған КСР Конституциясының нормалары туралы заңдар қабылданып, олардың маңызын жүзеге асыруға Декларация Қазақстан Конституциясының нормалары ғана емес, тіпті егемендік тәуелсіздігін бүкіл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға 1995 жылдардағы ҚР Конституциясының нормаларына басқа да заңнамалық актілер негіз болды. Демек, Қазақстанның егемендігі туралы Декларациялық жүйесінің қайшылықтарды Президентінің келеді: «...25 қазанда біздің егемендігі туралы Декларациямыз естеріңізге елестіретін осы құжатқа қол қойғандар болып жасалған қаулауға кірістік. Декларацияның тұжырымдарымыздың қабылдануына Декларация қабылданғаннан кейінгі актілерді саралау менді мемлекеттің заңындай жаңарып, соның ішінде жүзеге асырылған КСР-інің мемлекеттік Декларацияда бекітілген барлық заңдар кеңейтіліп аталмыш мемлекеттің егемендігі туралы Декларация мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялаған Декларациядан бастап мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде орын алған өзгерістерді байқатты. Олар – ұлттық мемлекеттілікті дамыту, құқықтық мемлекет құру және азаматтық қоғамды қалыптастыру. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңның негізіне адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, ұлттардың теңсіздігі анықтау құқығы, ұлттаралық келісім және тұрақтылық және азаматтық келісім, мемлекет бөлінуі және көптеген өзге де демократиялық қағидалар мен институттар алынды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңның қабылданып, әрекет етуі кезеңінің ерекшелігі: 1977 жылғы КСРО Конституциясының нормалары мен КСР-нің өзге заң актілерінің нормалары бұл актіге (мемлекеттік тәуелсіздік туралы конституциялық заңға) қайшы келмеуі тиісін онымен қатар әрекет етті. Бұл аталмыш конституциялық заңның ережелерінің 1978 жылғы КСР Конституциясының нормаларымен қайшы тұрғандығын көрсетеді. Олай болса, мемлекет бойынша бұл заң – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң тәуелсіз Қазақстанның «уақытша Конституциясы» болды деп айтуға болады.

Бұл заң туралы ғалымдар Ө.Қ. Қонабаев пен А.А. Черняков былай деген еді: «Барлық қатынастар ерекше болған бұл заң шынында да Конституцияны заң алмастырған республика түріндегі бірінші, мүмкін бірден-бір заң болды. Әдетте конституционализм тұрғысынан – мүмкін емес жағдай. Алайда, 1991 жылдың қыркүйегінің нақты жағдайында ол маңызды миссиясын атқарды... Реформа жолында республика заңнамасын дамыту үшін ол заңның деңгейде негіз қалады [3].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң ата-бабаларымыздың бірнеше ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздіктің белгілерін, идеяларын заңи бекітіп мемлекеттің өзге мемлекеттермен тең дәрежеде халықаралық аренада иық тіресіп дербес, тәуелсіз даму жол ашты, құқықтық негіздер жасады. Аталмыш конституциялық заңның нормалары мен қағидалары 1993 жылғы ҚР Конституциясының мазмұнын анықтады. Бұл оның маңызы мен беделін көрсетеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация мен «Қазақстан Республикасы-

ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды және олардың негізінде қабылданған өзге заң актілерін қамтитын Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының сол бір кезеңіне мынадай сипаты тән болды: Қазақстанның шынайы егемендігі жарияланды, саяси жүйенің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің жаңа қағидалары бекітілді, меншіктің көптүрлілігіне негізделген жаңа нарықтық экономикалық жүйеге көшуде маңызды қадамдар жасалды, Республика егемендігі мен президенттік басқару нысанының құқықтық негізі құрылды, т.с.с. Қазақстанның толық шамада мемлекеттік тәуелсіздікті алуы конституциялық-құқықтық рәсімдеуді талап етті және ол 28 қаңтар 1993 жылы Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясын қабылдаумен жүзеге асты.

Сол тұстағы егемен Қазақстанның конституциялық құрылыс үрдісі үшін келесі белгі-нышандар тән болды: Конституцияның таптық, кеңестік, социалистік мәнін ақырындап өзгерту; негізгі заңның жалпыдемократиялық сипатын тануға өту, онда бүкіл халықтың еркін байқату. Осы тұрғыда 1993 жылғы Конституцияның мынадай негізгі ерекшеліктерін көрсетеміз:

а) Конституция мемлекеттің социалистік және кеңестік сипатынан бас тартып оны демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет ретінде бекітті.

ә) Конституция саяси жүйеге қатысты маңызды ережелер мен қағидаларды бекітті. Конституцияның мәтінінен саяси жүйенің ұйтқысы – коммунистік партия туралы ереже (1978 ж. ҚазССР Конституциясының 6-бабы) алынып тасталып, көппартиялық конституциялық тұрғыда мойындалды, қандай-да бір қоғамдық бірлестіктердің идеологиясын мемлекеттік идеология ретінде тануға тыйым салынды.

б) Конституция Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырамас құқығын ең қымбат қазына деп танытынын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратынын жария етті, тиісінше адам және азаматтың құқықтарының басымдығын таныды.

в) Конституцияда мемлекеттің экономикалық жүйесінің негізі жаңаша анықталды, яғни Конституция Республиканың экономикасы сан алуан меншік түрлеріне негізделетіндігін бекіте отырып меншіктің барлық түрлерімен бірдей қорғалатын жекеменшікті таныды, мемлекеттік меншікті негізгі меншік нысаны ретінде мойындаудан бас тартты, экономикалық қызметтің еркіндігіне рұқсат берді;

г) мемлекеттік биліктің құрылымы ақырындап өзгертілді, мемлекет нысаны ретінде Кеңестер республикасынан бас тартылып, парламенттік жүйеге өту орын алды, биліктің бөлінуі қағидасы танылып, президент институты енгізілді, жергілікті өзін-өз басқару бекітілді.

Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясының барлық осы және өзге жаңалықтары оның мәнінің сапалы түрде қайта құрылғанын, өзгергенін көрсетеді.

1993 жылғы ҚР Конституциясы келесідей үш маңызды міндетті шешті:

1. Конституциялық тұрғыда мемлекеттің тәуелсіздігін рәсімдеу.

2. Халықаралық қоғамдастықта Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде заңдастыру.

3. Елімізде, оның қоғамдық-саяси және құқықтық салаларында оған дейін бейтаныс болған немесе «шынайы социализммен» бұрмаланған күйде әрекет еткен институттарды орнықтыру.

Кеңестік Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуына шолу жасау келесідей қорытындыға келуге негіз берді: сол кезеңдегі конституциялық заңнаманың проблемалары отандық құқықтанушылармен Қазақстанның Конституциясының РСФСР және КСРО Конституцияларымен сәйкестікте болуы тұрғысынан ғана қарастырылды. КСРО-ның күйреуі нәтижесінде ғана, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алып, ғылыми коммунизм идеясынан бас тартып демократиялық конституционализмнің фундаменталдық қағидаларына өткеннен кейін ғана құқықтан жоғары қойылған басқарушы коммунистік партияның саяси монополиясы (үстемдігі) шынайы орын алған кеңестік кон-

ституциялардың декларативтік сипаты мемлекеттен тыс идеологияландырылуы толығымен әшкереленді.

Қазақстанның конституциялық заңнаманың дамуының біз қарастырып отырған кезеңінде кеңестік және тәуелсіз Қазақстанның конституциялық жүйесінің арасында сабақтастық болды. Мемлекеттің құқығы алғашында кеңестік заңнаманың қағидаларына сүйенді, оның бірқатар институттары мен нормаларын пайдаланды. Алғашқыда, бұл сабақтастық ұзаққа созылған жоқ, сондықтан елдегі жағдай жылдам өзгерді және орнықты кеңес құқығының нормаларынан бас тарту және жаңа заң институттар мен нормаларын енгізуді талап етті.

Қазақстанның конституциялық заңнаманың дамуының тиісті кезеңі (1990-1993 жылдарда) қоғам мен мемлекеттің саяси, экономикалық өмірін, Республикамыздың сайлау құқығы мен жүйесін, мемлекеттік билік және басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіруге, Қазақстанды шынайы егеменді мемлекет ретінде қалыптастырып, дамытуға бағытталды. Ондаған заңдарды қабылдаумен сипатталатын заңдардың маңызы – олар тек саяси және экономикалық-меттік-экономикалық салаларды реформалау негізгі базасы ғана болып қалмай, егеменді Қазақстанның жаңа конституциясының заңдық негізіне айналды. Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының үшінші кезеңінде (1993-1993 жылдарда) қабылданған заңдар мен тәуелсіз Қазақстанның алғашқы конституциясының демократиялық көруімен біздің мемлекетіміздің тәуелсіз дербес мемлекет ретінде танылуының конституциялық-құқықтық рәсімделуі аяқталды.

Әдебиеттер

- 1 Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 288 б.
- 2 XIV Қазақстан Халқы Ассамблеясының сессиясындағы Н.Ә. Назарбаевтің сөзі (Астана, 23 қазан, 2008 жыл) / Егемен Қазақстан 24 қазан 2008 ж.
- 3 Копабасев О.К., Черняков А. Конституция республики: от нигилизма к прагматизму / Казахстанская правда. – 1993. – 15 июля.

References

- 1 Kotov A.K. Suverennyj Kazahstan: grazhdanin, nacija, narod. – Almaty: Zheti zharry, 1997. – 288 b.
- 2 XIV Kazakstan Halky Assamblejasynyn sessijasyndagy N.A. Nazarbaevtyn sozi (Astana, 23 kazan, 2008 zhyl) / Ege-men Kazakstan 24 kazan 2008 zh.
- 3 Kopabaev O.K., Chernjakov A. Konstitucija respublik: ot nigilizma k pragmatizmu / Kazahstanskaja pravda. – 1993. – ijulja.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТАРИХЫ

Раздел 1 ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

<i>Траева А., Түрегелдиева А.</i>	
<i>Legal regulation of repatriation in the Republic of Kazakhstan: theory and practice</i>	3
<i>Тлетина Ш.</i>	
<i>Современное государство и гражданское общество</i>	8
<i>Мадиярова А.С., Әлібаева Г.А.</i>	
<i>Мемлекеттік басқару және атқарушы билік: түсінігі, мазмұны және арақатынасы</i>	14
<i>Ахатов У.А., Оңдашұлы Е.</i>	
<i>Кенестік Түркістан Республикасының конституциялық-құқықтық дамуының ерекшеліктері</i>	18
<i>Бердібаева Ә.Қ.</i>	
<i>Мұрагерлікпен байланысты туындайтын келісімшарттардың негізгі тетігінің бірі – ата мұрасының табиғаты</i>	22
<i>Накишева М.К.</i>	
<i>Конфедерация как форма государственного устройства и ее особенности: теоретический и исторический анализ</i>	28
<i>Ахметов А.С.</i>	
<i>Правосознание как элемент правовой культуры казахстанского общества</i>	36
<i>Абилшеева Р.К.</i>	
<i>Сөз бостандығы тұлғаның құқықтық мәртебесінің құрылымдық бөлшегі ретінде</i>	41
<i>Амреева И.С., Жангушукова А.З., Альшуразова А.А.</i>	
<i>Заң психологиясы құқық саласының бір ғылымы ретінде</i>	44

2-бөлім КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ

Раздел 2 КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО

<i>Алибеков С.Т.</i>	
<i>Вопросы международной торговли: некоторый опыт в Евразийском таможенном союзе</i>	49
<i>Баймаханова Д.М., Белоруков Н.В.</i>	
<i>Нормативные постановления Конституционного Совета РК и их специфика как части действующего права РК</i>	57
<i>Жатқанбаева А.Е., Қожабек Қ.М.</i>	
<i>Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіндегі сақтандырудың кейбір мәселелері</i>	66
<i>Жарболова А.Ж., Тусупова А.Ж.</i>	
<i>1990-1993 жылдарда Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуы</i>	71
<i>Айдарханова К.Н.</i>	
<i>К вопросу о валютном контроле в Республике Казахстан в условиях Таможенного союза</i>	75
<i>Қараев А., Нұранова Р.Қ.</i>	
<i>Қазақстан Республикасының салық құқығының қағидалары туралы: мәселенің кейбір аспектілері</i>	80
<i>Мейірбекова Г.Б.</i>	
<i>Адвокаттардың сот өндірісіндегі шешендік өнерін жетілдіру</i>	85